

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/DPTH7913>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTIW8282>

**\*Б. Н. Бияров<sup>1</sup>, А. М. Картаева<sup>2</sup>,  
А. А. Алимхан<sup>3</sup>, Ж. К.Кайырбаева<sup>4</sup>**

<sup>1,2,3,4</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

## **ТОПОНИМДЕРДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫМЕН ЖАЗУДА ЕСКЕРЕТІН НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР**

*Мақалада бүгінгі таңдағы қазақ жазуын латын графикасына көшіру мәселесінің орфографиялық қырлары талданған. Қазақ топонимдерін латын әліпбиімен жазудың (транслитерациялаудың) негізгі ұстанымдары қарастырылған. Алдымен қазақ жазуын басқа графикаға ауыстыруға байланысты ұсынылған көзқарастар мен тұжырымдар келтіріледі: көне түркі жазуы, араб жазуының төте нұсқасы, латын жазуы және реформаланған кириллица әліпбиі. Солардың ішінен латын графикасына көшу жолы таңдалды. Мақалада осы уақытқа дейін ұсынылған латын әліпбиінің нұсқаларына жан-жақты шолу жасалған: диграф, апосторф, акут, умлаут нұсқалары. Негізгі бөлімде топонимдерді латын графикасымен жазудың тиімді жолдары мен кемшіліктері көрсетіледі. Қорытындысында, алгоритм бойынша, тілімізге сәйкес келетін классикалық әліпби жасау және соған сүйеніп барып жер-су аттарын транслитерациялау қажет деген тұжырым жасалып, ұсынылады.*

*Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырган гранттық жоба (ЖТН - АР08957132) аясында жарияланған.*

*Кілтті сөздер: топоним, графика, әліпби, латын графикасы, кириллица, төте жазу, диграф, апостроф, акут, умлаут, араб жазуы, транслитерация, транскрипция.*

### **Кіріспе**

Жер-су аттарын дұрыс жазу, транскрипциялау, транслитерациялау туралы сөз қозғамас бұрын, алгоритм заңы бойынша, қазақ графикасының болашағын айқындап алуымыз керек. Жалқы есімдердің жазылуын реттеуді жалпы қазақ жазуының реттелуінен бөлек алып қарауға болмайды. Ал қазақ

халқы «әліпбиді ауыстырамыз ба? ауыстырсақ қайсысын таңдап аламыз? әліпбиді ауыстырған соң, оның нәтижесі қалай болады?» деген сауалдарға жауап іздегелі 20 жылдың жүзі болды. Атап айтқанда бұл мәселені мынадай кезеңдер аясында қарастыруға болады:

Кенестік дәуір аяқталып, Тәуелсіздік әлі бекімей тұрған өліара шақта (1985–1990 жылдары) ескі араб әліпбиінің А. Байтұрсынұлы өзгерткен нұсқасы «төте жазуға» көшуге деген құштарлық басым болды. Халықаралық «Шалқар» газеті шығып, «төте жазу» мектептерде оқытыла бастады. Бұл алғашқы патриоттық сезім мен Алашорда арыстарына деген құрметтің негізінде туындаған болатын.

Ахаңның алдындағы ескі араб жазуының түркі тіліне сәйкес келмейтінін ең алғаш М. Қашқари ескерткен еді. Кейін Ш. Уәлиханов, миссионер Н. И. Ильминскийлер де қазақтарға қиындық келтіретін жазу екенін атап көрсетті. Үйренуге ауыр жат әліпбиді молдалар күшпен, таяқпен оқытуға мәжбүр болды. Сол кездегі жас ұрпақ қиналды, сауат ашу тежелді. Әліпбидің қоғамға әсер ететін маңызды нәрсе екенін осыдан-ақ байқауға болады.

1990-шы жылдардан бері Түркияның ықпалымен латын жазуына көшу керек дегендердің пайызы артып, арабшылардың екпіні бәсеңдеп кетті. Жаңа латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы ұсынылды, бірақ қазақ дыбыстарын дәл таңбалайтын ортақ бір әліпби жасалған жоқ. Негізгі уәждері «түркі елдерінің біразы латынға көшті, солармен бір болу үшін» немесе «гүлденген» Еуропаға жақындау және компьютер әлемінде еркін жүзу үшін» қажет дегенге саяды. Оған қарсыластары латын жазуы мен қазіргі кирил жазуының түп-төркіні бір екенін айта келіп, бірінен-біріне көшкеннен не ұтамыз деген сауал қояды.

Қазақ халқының арғы тектері болып саналатын сақ, ғұн, түркі, қыпшақтар қолданған көне түркі руна жазуына көшу абзал болады деген көзқарас та белең алуда. Олардың уәжі: руна жазуы ең алғашқы төл жазуымыз, қазақ дыбыстарын дәл таңбалайды, басқа әліпбилердің барлығы жат тілдерге арналып жасалған және сырттан таңылған болатын. Шынында да көне түркі әліпбиінің біздің дыбыстау жүйемізге сәйкес келетіні рас, бірақ оның тым көнелігінен қорғанамыз. Кезінде тілімізге мүлде жат көне ұйғыр (манихей) жазуы оның жолын кеспегенде, көне түркі әліпбиі біздің дәуірімізге дейін жетуі мүмкін еді. Шыңғысхан наймандардан қабылдаған сол көне ұйғыр әліпбиін қазіргі Моңғолия «моңғол бітік» деп атап, қайтадан қолданысқа енгізу үстінде. Моңғолия көне жазуын сәтті «тірілтіп» жатса, бізге де ойлануға тура келеді.

Келесі бір топты «реформашылдар» деп шартты түрде атауға болады. Олар қазіргі қолданыстағы орыс (кирил) жазуына ішінара өзгерістер енгізіп, одан әрі пайдалана беру керек деген пікір ұстанады. Негізінен «көп қаражат кетпейді және ғасырға жуық жинақталған әдеби, мәдени

құндылықтарымыз сақталып қалады» деген уәждерді келтіреді. Олардың дені еңбектерінің барлығы дерлік кирил әліпбимен жазылған ғалымдар мен ақын-жазушылардан тұрады.

Ең соңғы топты «құрама көзқарастар» деген дұрыс, өйткені олар қазіргі әліпбиімізді ауыстырып қажеті жоқ десе, енді біреулері мүлде тың таңбалар ойлап шығарғысы келеді немесе араб+латын, латын+кирил, латын+грек жазуларын араластыру арқылы қоспа әліпби жасауды көздейді т.б. Бұл, әрине, жұмысты күрделендіре түседі.

Міне осындай әртүрлі ұсыныстардың астында қалған қазақ зиялылары тығырықтан шығар жолды енді ғана тауып, латын жазуына тоқтады. Жалпы алғанда жазудың (графиканың) мақсаты – тіл дыбыстарын дәл таңбалайтын неғұрлым жетілген әліпби жасау. Өкінішке орай ондай жетілген әліпби ешбір елде жоқ. Оның басты себебі көптеген елдердің басқа бір тілге арнап жасалған бөтен әліпбиді пайдаланып отырғандығында жатыр. Атап айтқанда кең тараған латын, араб, кирилл жазуларын кейбірі еркімен, кейбірі еркінен тыс қабылдауынан деп ұққан жөн.

**Зерттеудің нысаны:** қазақ жерінің жер-су атаулары.

**Зерттеудің пәні:** қазақ жазуы мен орфографиясы, ономастика, топонимика.

**Мақсаты:** қазақ топонимдерін латын әліпбиімен жазудың (транслитерациялаудың) негізгі ұстанымдарын анықтау.

**Міндеттері:**

– топонимдерді транскрипциялау мен транслитерациялау мәселелерін қарастыру;

– бүгінгі күнге дейін ұсынылып келген латыннегізді әліпби нұсқаларына шолу жасау;

– ономастикалық атауларды, оның ішінде топонимдерді латынша графикалаудың ұстаным негіздерін айқындау.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Мақалада сипаттау, тарихи-тілдік талдау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылды.

Нақты бір әліпбиді таңдап, біржолата бекітіп алмай, жер-су аттарының жазылуы туралы сөз қозғау да қиын екенін айттық. Жазуымыздың ауысуымен бірге, жалқы есімдер де автоматты түрде «аударылғанымен», оның жазылуының өзіндік қателіктерге бой алдыратыны сөзсіз [1, 17]. Әрі «жалқы есімдер тілдік факті ретінде нақты бір тілдің ішкі заңдылықтарына бағынғанымен, тілдік талдаудың барлық деңгейінде бұл сөздердің мазмұнына да, түріне де байланысты өзіндік ерекшелігін ескеру қажет» [2, 209]. Латын әліпбиіне көшу туралы нақты шешім шықпай жатып, көшелеріміз әлде латын, әлде ағылшынша жазылған бейберекет тактайшаларға толып кетті.

Алайда бір нәрсе – айқын. Ол – Қазақстан ішінде жалқы есімдерді аударып жазудың қажеті жоқ екендігі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл деп жарияланған соң, республика ішіндегі жер-су аттары, көше аттары сол мемлекеттік тілде ғана жаңа латын әліпбиінде жазылуға тиіс. Латын жазуында тұрған жалқы есімді барлық шетелдіктер аудармасыз-ақ оқи алады. Мәселен, орыс тіліне аударып жазудың қажеті болмай қалады. Ал атауларды транскрипциялау, транслитерациялау дегеніміз республикалық карталарды, арнайы құжаттарды, әдеби, ғылыми еңбектерді басқа шет тілінің біріне аудару қажет болған кезде ғана қолданылады. Оны халықаралық стандарттау ұйымдары (бірыңғай әуе жолы, халықаралық почта, картография, әлемдік атлас немесе сөздік жасау т.б.) талап етуі мүмкін. Ал елдің ішіндегі топонимдер екі немесе үш тілде жазылсын деп ешкім талап ете алмайды. Ол тәуелсіз әр елдің ішкі мәселесіне қол сұғумен бірдей. Ал аударма атаулар, өкінішке орай, біздің елде ғана кездеседі. Мәселен, Алматы-Талдықорған-Өскемен тасжолында *Жіңішке–Джинишке–Jinishke* түрінде «үштұғырлы» тілмен жазылған топонимдер қаптап тұр. Өскемен қаласындағы *Тәуелсіздік–Независимость, Жеңіс–Победа* сияқты аударма көше атауларын айтпай-ақ қояйық.

1 Тіл білімінде транскрипция мен транслитерация бір нәрсе емес екені және бұлардың көбінесе жалқы есімдерді екінші тілге көшіргенде жиі қолданылатыны айтылады [3, 106]. Транскрипция тілдегі дыбыстарды барынша дәл беруге тырысса, транслитерация атаудың әр әрібін екінші алфавиттегі әріппен жазып шығу деген сөз. «Кез келген аударма тәсілі сияқты транслитерацияның да өзіндік ұтымды және кемшін тұстары бар [4, 63]. Жер-су аттарын екінші тілге көшіргенде осы транслитерация көп қолданылады. Ал аударма - мүлде басқа мәселе. Жалқы есімнің өзі ешқашан екінші тілге аударылмайды, тек олардың жанындағы географиялық терминдер ғана аударылуы мүмкін: *Алакөл көлі–озеро Алаколь–lake Alakol т.б.*

Алайда, жалқы есімдердің жазылуындағы дәлсіздіктер мен қателіктердің саны біздің қиындықтарды шешуге және олардың себептерін талдауға қаншалықты саналы түрде жүгінетінімізге байланысты. Объективті қиындықтар, ең алдымен, кейбір атаулардың өзіндік ерекшелігімен байланысты болса, ал субъективті қиындықтар мамандарға байланысты қалыптасады [5, 11].

Жер-су аттарын екінші әліпбиге көшіріп жазғанда, әр тілдің ұлттық дыбыстарын дәл таңбалау қиындық келтіреді, сондықтан кейде жуық шамамен көшіруге тура келеді. Мәселен, француз қаласы *Rouen* орысша *Роуэн* деп жазылуға тиіс, бірақ орыстар айтылуына жуықтатып *Руан* деп жазады [6, 297]. Әлемдік тәжірибеде кірме сөдерді дәл беру үшін, кірме әріптерді қабылдау деген үрдіс жоқ. Ол қазаққа қана тән – «қонақжайлылық».

Біз орыс сөздерін дәл береміз деп, басы артық 13 әріпті әлі арқалап келеміз (профессор К. Мұсаев).

Жер-су аттарының транскрипциясы мен транслитерациясын жасау бір орталықтан басқарылып отырмаса, ала-құлалық пайда болып, бір атау әртүрлі жазылып кетуі мүмкін. Кеңес одағында Картография мен геодезияның бас басқармасы жұмыс істеген. Қазақстанда «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» дейтін арнайы құжат болды [7, 11]. Осы құжаттың негізінде жаңа бір нұсқаулық жасау қажеттілігі сезіледі. Нұсқаулық немесе ереже жаңа әліпби бекігеннен кейін, соның негізінде жасалуы керек. Әйтпесе тағы да алгоритм заңдылығына қайшы келеміз.

2 Қазақ топонимдерін орыс тіліне транслитерациялау патшалық Ресейдің отарлау саясатынан бері жалғасып келді. Географ-ғалым С. Ә. Әбдрахманов Шығыс Қазақстан облысы топонимдерінің орысша бұрмаланып жазылғаны туралы арнайы мақала жазған еді [8, 48]. Онда Алтай тауының ең биік шыңы *Мұзтаудың* орыс тіліне Белуха болып аударылғаны дұрыс емес екені айтылады. Жер-су аттарын аударуға болмайды деген пікір осыдан шығады. Ғалым *Бала Құсмұрын – Бала Космурын, Мыржық–Муржик, Түйемойнақ–Туйемайнак* т.б. түрінде қате жазылып жүргенін атап көрсетеді.

Егер, біз, тағы бір шет тілге (мәселен, ағылшын тіліне) осы қате орысшаланған нұсқасын алып транслитерация жасап жіберсек, түпнұсқадан мүлде алшақтап кетеміз. Халықаралық талап бойынша, ағылшын т.б. тілдерге ұлттық тілде жазылған атаудан тікелей көшіріп жазуымыз керек. Екі ортада қандай да бір аралық тілдің қажеті жоқ.

3 Қазақ тіліндегі атаудың өзін дұрыс жазып жүрміз бе? Қазіргі әліпбимен жазғанда дұрыс сияқты кейбір атаулар транскрипция жасауды қажет етеді. *Қияжол*, шын мәнінде *Қыйажол*, *Аюлы – Айұлы*, *Сұңқарұя – Сұңқарұйа* болып дыбысталады. Ал ең жетілген әліпби деп бір дыбысқа бір әріп сәйкес келетін әліпби есептеледі дедік. Осының өзінен әліпбиді ауыстыру немесе реформалау қажеттілігі көрініп тұрған жоқ па.

4 Қазіргі тіл білімінде «сөздің өмір сүру формасы - дыбыс, ал әріп сол дыбысқа берілген шартты таңба» деген анықтама беріліп жүр [9, 20]. Дыбыстардың саны шектеулі және ұлттық сипатқа ие болып келсе, әріп – шартты таңба болғандықтан, оны шексіз ауыстыра беруге келеді. Кейбір тілші-ғалымдардың әріптер де ұлттық сипатта болуы керек деп жүргендері дұрыс емес, әріптер қолдануға ыңғайлы болуы керек. Осы орайда жаңа латын әліпбиі компьютердің пернетақтасындағы 26 әріптен аспауы тиіс деген математиктер ұсынып жүрген нұсқалардың ең ыңғайлысын таңдап алу қажет деп ойлаймыз. Болашақта ақпараттық технология барлық тіршілігімізге

енетін түрі бар, сондықтан болашақ ұрпақ қиналмайтындай әліпби тандау бүгінгі буын өкілдерінің жауапты міндеті болып табылады.

Жалқы есімдер тілдің алғаш шыққан тобына жатады және қоғамда жиі қолданыста болады. Үнемі көз алдымызда, сөйлегенде тілімізде жүретін жалқы есімдерді жеке алып қарастыру – дұрыс шешім. Сондықтан латын жазуына көшуге байланысты арнайы құрылған ұлттық комиссия жұмыстарының бір саласы ономастикаға арналған. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жасаған жұмыс жоспарының бір тармағы да осы ономастикалық мәселелерді қамтиды:

«Ономастика саласындағы іс-шаралар 4 бағытта іске асырылмақ:

1 Қазақстан Республикасы картасындағы ағылшын тіліне аударылған, латын графикасы негізінде транслитерацияланған географиялық атауларды инвентарлау, жүйелеу. Қазақстан азаматтарының төлқұжаттары бойынша латын графикасымен рәсімделген аты-жөндер тізімін жасау, инвентарлау;

2 Ағылшынша (латын графикасы негізінде) жазылған географиялық атаулар, елді мекен атаулары, көше аттары мен кісі аттарына, қазақ жазушыларының ағылшын тіліне аударылған кейбір шығармаларындағы (көркем шығармалар) ономастикалық атауларға лингвистикалық ревизия-сараптама жүргізу;

3 Ономастика саласындағы халықаралық транслитерациялау стандарттарына салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізу (өзбек, түрік, әзірбайжан, орыс, белорус, латыш, эстон, словак, поляк, румын, венгр және т.б. тілдеріндегі);

4 Түрік, өзбек, әзірбайжан тілдеріндегі ономастикалық атаулардың жазылуына қатысты ғылыми-анықтамалық деректер (географиялық карталар, анықтағыштар және т.б.) жинақтау, инвентарлау, сараптау үшін Түркияға, Өзбекстанға, Әзірбайжанға ғылыми іссапар ұйымдастыру.

Қазіргі таңда тіліміздегі ономастикалық атаулар халықаралық қолданысқа кеңінен еніп кетті, сондай-ақ, азаматтардың аты-жөндері, елді мекен, қалалардың көше атаулары мемлекеттік тілмен қатар латын графикасында жазылып келеді.

Еліміздегі ономастика саласындағы латынша транслитерациялық жүйе туралы ерекше ескере кететін жайт: қазіргі қолданыстағы жер-су атаулары мен аты-жөндерімізді транслитерациялау стандарттары, аталмыш стандарттарға сай қазақ географиялық атаулар мен кісі есімдерін тек орыс тілінен ТМД мемлекеттеріне ортақ ГОСТ-2000 жүйесі бойынша транслитерацияланып келеді. Яғни ұлттық дыбыс ерекшелігі ескерілмейді. Өйткені кері кириллицаға ретранслитерациялағанда қазақ тілінің *қ, ң, з, ө, ә* дыбыстары жоғалып кетеді де орнына орыс тіліндегі *к, н, о, а* графемалары «бой түзеп тұра қалады». Сондықтан қазақ ономастикалық атауларын, жер-



су атаулары болсын, азаматтардың аты-жөндері болсын, латын негізді қазақ жазуының тек ұлттық стандарты қабылданғанда ғана адекватты көрініс табатындығы анық, яғни төл дыбыстардың жазылуы, айтылуы сақталмақ.

БҰҰ Комиссия мүшелерінің ұстанымдары бойынша, ұлттық атауларды латын графикасымен жазудың ең құнды тұсы транскрипциялардың қайтарымды (обратимость) болуы, яғни қандай да бір атаудың кері транскрипциялағанда (кері латыншалау) ұлттық тілдегі түпнұсқа жазуының сақталуы.

Транслитерациялау ережесін жасау алдында оған қойылатын талаптар мен жалпы ұстанымдарды белгілеп алу шарт. Зерттеу нәтижесінде ономастикалық атауларды латынша графикалаудың алдын-ала мынадай ұстаным негіздері айқындалады:

1 Бір есімнің тек бір нұсқада транслитерациялануын қамтамасыз ету;

2 Тұрақты қалыптасқан транслитерациялау үлгілерін ескеру;

3 Қолдануға жеңіл, қарапайымдылықты қамтамасыз ету;

4 Үнемділікті қамтамасыз ету;

5 Орфографияның дифференциалдық принципіне орай, мүмкіндігінше таңбаға - таңба принципін сақтау;

6 Респонденттермен жасалған аудиторлық тәжірибе нәтижелерімен санасу», делінген жұмыс жоспарында [10].

Алайда біз дұрыс әліпби жасап, оны заңды түрде бекітпей тұрып, бұл шараларды іске асыра алмаймыз. Күні бүгінге дейін латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы ұсынылды, бірақ түбегейлі емес. Жеке-жеке тоқталайық:

Диграф негізді ресми түрде ұсынылған алғашқы әліпби. Ұсынған – Астана қаласындағы Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту институты. Қоғам бірден қарсы шықты. Қарсы шығуға себеп болған әліпби жасаушылардың өрескел қателігі еді. Олар диграфқа алынған қосалқы таңбаның дыбыстық мағынасы болмау керек деген принципті ұмытқан. Мәселен, Ә-ні *Ae* деп таңбалауға болмайды, өйткені қосалқы таңба е-нің жеке өз мағынасы сол әліпбиде тұр. Сонда *сәбіз* сөзі *саебіз* болып шыға келді. Ое де, *Ue* де, *Ng* де солай қате жасалған болатын.

Біз кезінде жалқы есімдерді мысалға келтіру арқылы бұл қателіктерді сынағамыз: *Aeskerbek* (Әскербек), *Oeskemen* (Өскемен), *Uestirt* (Үстірт), *Shangqut* (Шаңқырт) т.б.

Менің ойымша, компьютердегі 26 таңбалы латын әліпбиіне көшеміз десек, диграф қолайлы, тек онда екінші (қосалқы) таңбада дыбыстық мағына болмау керек. Ал дұрыс қолдану нұсқасын профессор Б. Қалиев ұсынған болатын: *ah, oh, nh, sh, ch* т.б.

Апостроф негізді екінші нұсқа. Негізін А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары құрайтын Ұлттық комиссия ұсынған. Қоғам

алдымен қуана қарсы алып, біраздан кейін одан да бас тартты. Негізгі қателік апостроф таңбасының бір әріптің орнын алатынын ойламағаннан туды. Диграф шұбалаңқы болады деген ғалымдар сол шұбалаңқылықты қайта алып келгендерін өздері де білмей қалды. Атақтарынан ат үркетін ғалымдардан құралған комиссия осылайша екінші рет маскара болды.

Біз бұл нұсқаға да жалқы есімдерден мысалдар келтіріп, қарсы пікір білдірдік: Қазақстан топожүйесінің ішінен 1446 атау іріктеліп алынып, апостроф негізді жаңа латын әліпбиімен жазылды. Әліпбидің ерекшеліктерін нақтырақ анықтау үшін, түбір (Josa–Жоса, Tug’yl–Тұғыл, S’et–Шет, S’o’l–Шөл) және біріккен (Bay’yrko’l–Бауырқол, Kerbulaq–Кербұлақ, Qaraqaja–Қаражыра, To’sag’as’–Төсағаш) топонимдер қамтылды. Барлық 1446 топонимнің апострофсыз жазылғаны – 476, апострофпен жазылғаны – 970 болды. Апострофпен жазылғаны 67,1 пайызын құрайды.

Апострофпен жазылған 970 топонимнің 569-ы бір апострофпен, 289-ы екі апострофпен, 104-і үш апострофпен және 8-і төрт апострофпен таңбаланған. Оларды салыстыра кетсек: Qoso’zen–Қосөзен (1), Qosqarag’ai’–Қосқарағай (2), Ju’zag’as’ – Жұзағаш (3) Jan’g’yzs’ag’yl–Жаңғызшағыл (4). Алынған мысалдардан көріп отырғанымыздай, апострофтың көбейгені атауды жазу мен оқуды қиындатады екен. Jan’g’yzs’ag’yl (Жаңғызшағыл) атауын елді мекенге бергенде немесе картаға түсіргенде шұбалаңқы тартатыны байқалады. Бұдан шығатын қорытынды, егер апостроф негізді әліпбиді біржолата таңдап алып жатқан жағдайда, онда апостроф белгілерін мейлінше қысқарту керек.

Жаңа әліпбидегі 32 әріптің 9-ы апострофпен жазылады. Олардың ішінен тілімізде жоқ дуысты [и] мен [ч] әріптерін алып тастау керек еді. Бұлардан тыс ф, в, х, һ әріптеріне де орын берудің қажеті жоқ болатын. Қазақтың тілінде қазір 28 дыбыс бар, оның 9-ы дауысты, 19-ы дауыссыз. Сол 28 дыбысқа лайықты таңба тауып берсек жеткілікті. Сонда ғана әліпби ықшам, ыңғайлы болмақ. Кірме сөздерді дәл береміз деп жат дыбыстарды, әріптерді қабылдай берсек, біздің әліпби 42-ден де асып, рекордтар кітабына еніп кетуіміз мүмкін.

Ақут негізді үшінші нұсқа. Оны да негізін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары құрайтын Ұлттық комиссия ұсынған. Басында қоғам бұл әліпбиге жақсы қарады: апостроф сияқты бір бос орынды алмайды екен, ықшам екен т.б. Алайда маман емес адамның өзі бірден байқайтын кемшіліктер бұл жаңа нұсқада да бар. Біріншіден, ақут таңбасы компьютердің пернетақтасында жоқ, сондықтан жаңа бағдарлама арқылы ол таңбаны енгізу керек. Әліпбиді ауыстырудағы бір мақсат қосымша таңба енгізілмесе деген ұстанымға қайшы келдік. Акуты бар әр әріпті енгізуге тура келеді, кириллицадағы сияқты. Бұл – шегініс. Екіншіден, диграф нұсқасындағы қателікті айна қатесіз қайталадық: қосалқы таңбаға тағы

дыбыстық мағына берілді. Сонда *асхана* сөзін *ashana* деп жазып, *ашана* деп оқитын боламыз ба? Үшіншіден, соңғы нұсқада *і* мен *и, й*-лердің бас әріптері бірдей таңбаланған. Сонда *ит* деп жазып *im* деп оқимыз ба? Төртіншіден, әліпби ауыстырудың ең негізгі мақсаты кірме дыбыстар мен әріптерден арылу десек, жаңа нұсқада *ф, в, и, ч, х, һ* кірме әріптері неге тұр? Бұл әріптер таңбалайтын дыбыстар қазақ тілінде жоқ. Қазақ тілінде 28 дыбыс бар, оның 9-ы дауысты, 19-ы дауыссыз. Осы 28 дыбысқы таңба тауып берсек, барлық лексикамызды, кірме сөздерімен қоса, қолдануға жетеді. Бесіншіден, қазақ (түркі) фонетикасында үндестік заңына сәйкес ежелден дауыстылар жуан-жіңішке жұп құрайды: *а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү, е. А.* Байтұрсынұлы оларды бір дыбыстың жуан-жіңішке нұсқасы, сондықтан 5 дауысты бар деп есептеген. [Е] дыбысының жалғыз қалған себебі Х ғасырда араб тілінен енген [э] дыбысының әсері екені белгілі. Жаңа латын әліпбиінде осы қалыптасқан дәстүрді бұзып *ы-і* дыбыстарына басқа-басқа әріптер тағайындалған: *і-і, ы-у.* Бұл әліпбиді меңгеруге қиындық тудырады. Қалыптасқан жұпты бұзуға болмайды.

М.: Áýezov, Óskemen, Shymkent, Úkek.

Соңғы уақыттарда ұсынылып, әлеуметтік желілерде қызу талқылаудан өтіп жатқан умлаутты әліпби жобаларына келер болсақ, әрқайсысының өзіндік ұтымды және қолайсыз тұстары бар екені көпшілікке аян. Әрине бұл жобалардың ұтымды тұстары ретінде қазақ тілінің барлық дыбыстарының қамтылуы, әрбір дыбысқа жеке таңбаны беру қағидатын сақтауға деген талпыныс, әліпби таңбаларының халықаралық UNICODE жүйесіне сәйкес келуін атауға болады. Дегенмен *и, й* және *у* дыбыстарының таңбалануы туралы бүгінгі қоғамда кереғар пікірлердің орын алуы фонетика саласы мамандарының өзара біржақты шешімін талап етіп отырғаны хақ.

Әліпбиді таңдап алу бар да, орфографияның фонетикалық ұстанымын аламыз ба, морфологиялық ұстанымын аламыз ба деген таңдау тағы бар. «Айтылу бойынша жазамыз ба, әлде сөздің түбір қалпын сақтап жазамыз ба?» деген таңдау әліпби таңдаудан да маңызды нәрсе. Осындай қордаланған мәселелерді қордаландыра бермей шешетін уақыт жетті деп ойлаймыз. Алайда қаншама жат жазуларды амал жоқ меңгеріп, құнды жәдігерлер қалдырып кеткен данышпан түркі халықтарының бірі болып саналатын қазақтар да келесі бір әліпбиді тез икемге келтіретініне күмән жоқ.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, жер-су аттарын, алдымен, қазақша дұрыс жазу үшін, бұрын қате жазылғандарын өзгерту үшін, мемлекеттік тілдегі топонимдерді шет тілдерге транслитерациялау үшін, әліпби мәселесін шешіп алуымыз керек. Қандай әліпбиге көшсек те, ол әліпби тіліміздегі бір дыбысқа, шама келгенше, бір ғана әріп сәйкес келетіндей болып жасалуы керек. Сонда ол

жазуды қолдану да, үйрену де жеңіл болады. Екіншіден, мүмкіндігінше, барлық түркі халықтары, шетелдегі қазақ диаспорасы бір ғана әліпби қолданса, мәдени, ғылыми, әдеби аралас-құраластығымызға еш кедергі болмас еді. Түркі халықтарының біртұтас болып бірігу үдерісін жылдамдата түсер еді. Әліпби мен жазуымызды реттеп алғаннан кейін, жер-су аттарының жазылуын қалыпқа түсіру қиын шаруа емес. Әліпби дұрыс жасалса, қазақ топожүйесі де қатесіз жазылып, географиялық және саяси карталарға, елді мекен, көшелерге дұрыс жазылып, бір ізге түсер еді.

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Ермолович, Д. И.** Имена собственные на стыке языков и культур. – М. : Р. Валент, 2001. – 200 с.
- 2 **Шум, О. В.** [Электронды ресурс]. – <https://core.ac.uk>
- 3 **Магусевич М. И.** Введение в общую фонетику. – М., 1941.
- 4 **Казакова, Т. А.** Практические основы перевода. English Russian. – СПб. : Союз, 2001. – 320 с.
- 5 **Коренькова, Н. Н.** [Электронды ресурс]. – <https://elib.bsu.by/bitstream>
- 6 **Зиндер, Л. Р.** Общая фонетика. - М., 1979.
- 7 Топонимия Республики Қазақстан. – Алматы : КазгосИНТИ, 2001. – 426 с.
- 8 **Абдрахманов, С. А.** Искаженные эндонимные названия географических объектов Восточного Казахстана // «Өңірлердегі ономастика мәселелері : көше атаулары жазылған тақтайшаларды біріздендіру» республикалық дөңгелек үстелі материалдарының жинағы. Астана, 2012. - 84 б.
- 9 **Мырзабеков, С.** Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы : Сөздік-Словарь, 1999. – 200 б.
- 10 **Рысбергенов, Қ. Қ.** Латын әліпбиіне көшуге қатысты ономастика саласындағы іс-шаралар жоспары. – Алматы : А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017.

### References

- 1 **Yermolovich, D. I.** Imena sobstvennyye na styke iazykov i kúltúr [Proper names at the junction of languages and cultures.] – Moscow: R. Valent, 2001. – 200 p.
- 2 **Shum, O. V.** [Electronic resource]. – <https://core.ac.uk>
- 3 **Matyshevich, M. I.** Vvedenie v obshúyú fonetúkú [Introduction to general phonetics] – Moscow: 1941.
- 4 **Kazakova, T. A.** Prakticheskie osnovy perevoda [Practical translation basics] English Russian. - Spb.: Soyuz, 2001. - 320 p.
- 5 **Korenkova, N. N.** [electronic resource]. – <https://elibbsu.by/bitstream>.

6 **Zinder, L. R.** Obshaya fonetika [General phonetics], – Moscow, 1979.

7 Toponimia Respublikı Qazaqstan [Toponymy of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty : Kazgosinti, 2001. – 426 p.

8 **Abdrahmanov, S. A.** Iskajennye endonimnye nazvanıa geograficheskıh obektov Vostochnogo Kazahstana. [Distorted endonymous names of geographic objects of East Kazakhstan. In «Ónirlerdegi onomastıka máseleleri: kóshe ataıları jazılǵan taqtaıshalardı birizdendirıy» respúblikalyq dóńgelek ústeli materialdarynyń jınaǵy Collection of materials of the republican round table «Problems of onomastics in the regions : unification of signs with street names»]. – Astana, 2012. – 84 p.

9 **Myrzabekov, S.** Qazaq tiliniń dybys júesi [Sound system of Kazakh language]. – Almaty : «Vocabulary», 1999. – 200 p.

10 **Rysbergen, K. K.** Latyn álipbiıne kóshýge qatysty onomastıka salasındaǵy is-sharalar jospary [Action plan for the transition to the Latin alphabet in the field of onomastics]. – Almaty : Institute of Linguistics named after A. Baitursynly, 2017.

Материал 07.12.21 баспаға түсті.

\*Б. Н. Бияров<sup>1</sup>, А. М. Картаева<sup>2</sup>, А. А. Алимхан<sup>3</sup>, Ж. К. Кайырбаева<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup>Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск

Материал поступил в редакцию 07.12.21.

## КЛЮЧЕВЫЕ ПРИНЦИПЫ, КОТОРЫЕ НЕОБХОДИМО УЧИТЫВАТЬ ПРИ НАПИСАНИИ ТОПОНИМОВ НА ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ

*В статье проанализированы орфографические аспекты проблемы перевода казахской письменности на латинскую графику. Рассмотрены основные принципы написания (транслитерации) казахских топонимов на латинице. Сначала приводятся предложенные подходы и выводы, связанные с переводом казахской письменности на другую графику: древнетюркская письменность, арабская письменность (төте жазу), латинская письменность и реформированный алфавит на кириллице. Среди них был выбран путь перехода на латинскую графику. В статье представлен всесторонний обзор вариантов латинского алфавита, предложенных ранее: варианты диграфа, апосторфа, акута, умлаута. В основной части указываются эффективные стороны и недостатки написания топонимов на латинской графике. В заключении делается вывод, что следуя алгоритму необходимо составить классический*

*алфавит, соответствующий нашему языку, опираясь на который следует транслитерировать топонимические названия.*

*Статья опубликована в рамках грантового проекта (ИРН – AP08957132), финансируемого Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.*

*Ключевые слова: топоним, графика, алфавит, латинская графика, кириллица, диграф, апостроф, акут, умлаут, арабская письменность, транслитерация, транскрипция.*

*\*B. N. Biyarov<sup>1</sup>, A. M. Kartayeva<sup>2</sup>, A. A. Alimkhan<sup>3</sup>, Z. K. Kairbaeva<sup>4</sup>*

*<sup>1,2,3,4</sup>East Kazakhstan University named after S. Amanzholov,*

*Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.*

*Material received on 07.12.21.*

## **KEY PRINCIPLES TO CONSIDER WHEN WRITING PLACE NAMES IN LATIN SCRIPT**

*The article analyzes the orthography aspects of the problem of translating Kazakh writing into Latin graphics. The basic principles of writing (transliteration) of Kazakh toponyms in the Latin alphabet are considered. First, the proposed approaches and conclusions related to the translation of the Kazakh writing into another graphic are presented: ancient Turkic writing, Arabic writing (tute zhazu), Latin writing and a reformed Cyrillic alphabet. Among them, the path of transition to the Latin graphics was chosen. The article provides a comprehensive overview of the options of the Latin alphabet proposed earlier: variants of the digraph, apostroph, acute, umlaut. The main body indicates the effective sides and disadvantages of writing toponyms in the Latin graphics. In conclusion, it is shown that following the algorithm is necessary to compose a classical alphabet corresponding to our language, based on which toponymic names should be translated.*

*The article was published in the framework of the grant project funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (IRN- AP08957132)*

*Keywords: toponym, graphics, alphabet, Latin graphics, Cyrillic, digraph, apostrophe, acute, umlaut, Arabic writing, transliteration, transcription.*

Теруге 07.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

0,99 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,33. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3856

Сдано в набор 07.12.2021 г. Подписано в печать 30.12.2021 г.

Электронное издание

0,99 Мб RAM

Усл. печ. л. 6,33. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3856

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)